# Мәдениет пен өнер қызметкерлеріне құрмет көрсетілді



**21 мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Осыған орай қаламызда салтанатты шара өтті.**

Қазақ жасөспірімдер театры ғимаратына Мәдениет пен өнерде еңбек етіп жүрген және осы салада сан жыл тер төгіп, зейнеткерлікке шыққан мәртебелі меймандар жиналды - Құрметті мәдениет саласының қызметкерлері мен ардагерлері, сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Сіздер халықты өнермен сусындатып, рухани байлықты толықтырып және игі дәстүрлерді жалғастыру жолында үлкен үлес қосып келесіздер. Бүгінгі ерекше күні мәдениет пен өнер саласына еңбегі сіңген аға буын өкілдеріне айтар алғысым шексіз. Бүгін Тәуелсіз Қазақстан – Мәңгілік елдің келешегін кемел, болашағын жарқын ететін ұлттық бірегейлігімізді танытуға үлес қосатын жақсы күн болсын дегім келеді. Сіздердей зиялы қауым өнер адамдарын құрметтей отырып біз жастарды тәрбиелейміз. Мәдениет бүгіне шығармашылық тұрғыдан қызмет етіп, халықты тамаша өнерлеріңізбен қуанта беріңіздер,-деп қала әкімі құттықтауын жеткізіп, осы саланың қызметкерлері мен ардагерлерінің бірқатарын - 21 мамыр - Қазақстан Республикасы Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні мерекесіне орай және адал еңбегі үшін қала әкімінің грамотасымен марапаттады. Сондай ақ «Нұр Отан» партиясы АҚФ төрағасының орынбасары Сабыржан ТАСМАҒАНБЕТ те жылы лебізін жеткізіп, «Алғыс хаттарын» табыс етті. Мереке иелері сол секілді Облыстық кәсіподақ ұйымының грамотасын, «Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысының «Алғыс хатын» да иеленді. Түрлі мекеме мен ұжым басшылары сала мамандарының еңбектерін жоғары бағалап, төл мерекелерімен құттықтап, сый – сияпаттарын табыстап жатты.

Осылайша елге рухани азық сыйлап, төл мерекелерінде мерейлері үстем болған Мәдениет және өнер саласының өкілдері әрі қарай қала көркемөнерпаздарының өздеріне арнап дайындаған концерттік бағдарламаларын тамашалады.

«АХ».